

Бекітемін

«Нұрби» Мектеп –

бобектай бақша кешені



Бердімбетова Ж.С.

АШЫҚ ОҚУ ҚЫЗМЕТІ

Тақырыбы: «Түстер»

Нұрби ортаңғы топ

Тәрбиеші: Бижанова Г. О.

Шаттық шеңбері: Арайлап таң атты
Алтын сәуле таратты
Жарқырайды қаламыз
Қайырлы таң балалар
Қайырлы таң қонақтар

Балалардан жыл мезгілдерін сұрау:

- Балалар қазір жылдың қай мезгілі?
- Қыс мезгілінде неше ай бар балалар?

Сол 3 айды атайықшы. Балалар қыс мезгілінде ауа-райында қандай ерекшелік болады?

-Қыс мезгілінде біздер қандай ойындар ойнаймыз?

-Балалар апта күндерді білемізба? Бір аптада неше күн бар?

Балалар осы қыс мезгілі туралы тақпақ білемізба.

Балалар біз өткен оқу іс-әрекетімізде нелермен танысып едік?

Дұрыс айтасындар пішіндермен таныстық. Қандай пішіндермен таныстық?

Балалар біздің жаңа оқу іс-әрекетіміздің тақырыбы «Түстер әлемі»

Балалар мына суретте не бейнеленген?

Ия дұрыс айтасындар, қуыршақтар біреу емес көп екен. Әр бір отырған қуыршақтың киіп отырған көйлектері әр түрлі екен.

Балалар мына бірінші отырған қуыршағымыздың көйлегінің түсі «жасыл» екен, ал екінші отырған қуыршағымыздың көйлегінің түсі «сары» екен, ал үшінші отырған қуыршағымыздың көйлегінің түсі «көк» екен, ал төртінші отырған қуыршағымыздың көйлегінің түсі «қызыл» екен.

Ғажайып сәт: Есікті қағып қоян келеді.

Ақ қоян саған не болған?

Қоян: Балалар мен тоңып қалдым, дала өте суық екен.

Олай болса бізбен бірге сергіту сәтін жаса, сонда жылынып қаларсың.

Сергіту сәті:

Ұзын құлақ ақ қоян

Естіп қалып сыбдырды

Ойлы-қырлы жерлерден

Ытқып-ытқып секірді.

Қоян: Балалар мен сендеге құр келген жоқпын ойын алып келдім. Ойын ойнайсындарма балалар?

Д/О «Өз түсін тап»

Ойын шарты: Балалар мында 4 түсті қорапшалармен қыстырғаштар бар, сол қыстырғыштарды өзінің түстес қорапшасына қыстыру қажет.

Ақ қоян біздіңде саған арналған сыйлығымыз бар. Қазір балалар өз қолдарымен жасап береді. Балалар қоянға сыйлық ретінде үй жасап беремізба?

- Балалар алдымен үйміздің қабырғасын тұрғызамыз, қабырғасын тұрғызу үшін біз қандай пішінді аламыз? Түсі қандай? (Жасыл)

- Енді жоғарысына шатыр қажет, шатырымыздың пішіні қандай? Түсі қандай? (көк)
Үйімізге енді терезе қажет, тереземіздің пішіні қандай? түсі қандай? (сары)
- Енді балалар бізге есік қажет, есіктің пішіні қандай? түсі қандай? (қызыл)
- Жарайсыңдар балалар қоянныңда үйіде дайын болды. енді қоян тоңбайтын болды.

Қорытындылау:

Балалар бүгін қандай түстермен таныстық?

Бізге кім қонаққа келді?

Қоянға не жасап бердік? Балаларды мадақтау